

2025 жылғы қаңтар-қараша Қазақстан Республикасындағы байланыс, пошта және курьерлік қызмет кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштері

Жариялау күні: 12.12.2025

Келесі жариялау күні: 12.01.2026

1. Негізгі ойлар

Байланыс

Пошта және курьерлік қызметі

2. АҚТ және байланыс динамикасы

3. Глоссарий

4. Әдіснамалық түсініктемелер

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

6. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

Байланыс

2025 жылғы қаңтар-қарашада байланыс қызметі бойынша нақты көлем индексі тиісті кезеңмен салыстырғанда 103,8% (2024 жылғы қаңтар-қараша – 103,6%).

Байланыс қызметінің жалпы көлемінде едәуір үлесті Интернет желісі қызметтері, ұтқыр байланыс және өзге де телекоммуникациялық байланыс алады, тиісінше олардың нақты көлем индексі 113,4%, 99,6% және 86,8% құрады.


2025 жылғы қаңтар-қарашада ұялы байланыс абоненттері – 27 344,9 мың бірлікті, Интернетке қатынауы бар ұялы байланыс абоненттері – 19 206,9 мың бірлікті, тіркелген Интернет абоненттері – 3 303,0 мың бірлікті, тіркелген телефон желілерінің саны – 2 204,3 мың бірлікті құрады.

Байланыс қызметінің көлемі

млн.теңге

	2025 жылғы қаңтар-қараша	2024 жылғы қаңтар-қараша
Қазақстан Республикасы	1 345 932,0	1 217 418,3
Абай	11 078,9	10 062,2
Ақмола	16 326,1	14 721,1
Ақтөбе	19 045,1	17 902,7
Алматы	16 729,7	14 273,8
Атырау	16 833,0	16 183,7
Батыс Қазақстан	11 258,8	9 792,1
Жамбыл	11 569,1	10 104,0
Жетісу	9 613,3	8 723,3
Қарағанды	25 519,6	22 656,2
Қостанай	18 615,4	17 420,2
Қызылорда	9 516,9	8 815,6
Маңғыстау	15 555,2	14 789,6
Павлодар	18 955,4	17 025,1
Солтүстік Қазақстан	11 283,0	10 624,5
Түркістан	10 867,5	9 234,1
Ұлытау	4 412,9	3 676,7
Шығыс Қазақстан	16 404,8	15 375,0
Астана қаласы*	362 266,0	323 459,1
Алматы қаласы*	726 697,4	661 762,9
Шымкент қаласы	13 383,9	10 816,3

*Ұялы байланыстың көлемдері ұялы байланыс операторларын тіркеу орындары бойынша бөлінген - Алматы және Астана қалалары



Электрондық кестелер

Қазақстан Республикасындағы байланыс, пошта және курьерлік қызмет кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштері

Пошта және курьерлік қызметі

2025 жылғы қаңтар-қарашада пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулерінің көлемі бойынша нақты көлем индексі – 100,1% құрады (2024 жылғы қаңтар-қараша – 106,9%).

2025 жылғы қаңтар-қарашада пошта және курьерлік қызметтің қызмет көрсетулерінің көлемі жедел деректер бойынша 78 207,9 млн. теңге сомасына қызмет көрсетті, бұл 2024 жылғы қаңтар-қарашадағы көлемімен салыстырмалы бағаларда 0,1% көп.

Электрондық кестелер

[Қазақстан Республикасындағы байланыс, пошта және курьерлік қызмет кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

2. Байланыс динамикасы

Динамикалық кестелер:

[Қазақстан Республикасындағы кезең мен айдағы байланыс, пошта және курьерлік қызмет кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

3. Глоссарий

Байланыс - ақпаратты, пошта және арнаулы жөнелтілімдерді, пошталық ақша аударымдарын қабылдау, жинау, өңдеу, жинақтау, беру (тасымалдау), жеткізу, тарату.

Пошта қызметі – пошта желілері арқылы пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну.

4. Әдіснамалық түсініктемелер

Кестеде айлық кезеңділікте статистикалық 3-байланыс нысаны бойынша есеп берген, қызмет түрлері «пошталық және курьерлік қызмет» (ЭҚЖЖ-ның коды 53) және «телекоммуникация» (ЭҚЖЖ-ның коды 61) болып табылатын кәсіпорындардың жұмысы туралы статистикалық деректер келтірілген.

Облыстар бөлісінде кәсіпорындардың ұсынған отчеттары негізінде, байланыс кәсіпорындарының жұмысы көрсетілген қызметтің жекелеген түрлері бойынша, ақшалай және заттай көріністе сипатталады.

Байланыс қызметтерін көрсету – байланыс операторларының пайдаланушыларға экономикалық қызмет түрлерінің жалпы өнім жіктеуішінде келтірілген байланыс қызметтерін көрсету болып табылатын қызметі. Байланыс қызметінің көлеміне қалааралық, халықаралық және жергілікті телефон байланысының, деректерді беру, Интернет желісі, ұтқыр байланыс, бағдарламаны тарату қызметінің көлемдері, сонымен қатар өзгеде телекоммуникациялық қызметтердің көлемдері кіреді.

Қызметінің негізгі түрі бойынша кәсіпорындар құндық мәндегі көрсетілген байланыс қызметтерінің көлеміне есепті кезеңде көрсетілген байланыс қызметтері үшін, көрсетілген қызметтердің төлем мерзіміне қарамастан халықтан және заңды тұлғалардан түскен қаражатты енгізеді.

5. Қатысты басылымдарға сілтемелер

[Қазақстан Республикасындағы байланыс, пошта және курьерлік қызмет кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштері](#)

6 Пайдалы сілтемелер

[Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар статистикасы бойынша әдістеме](#)

[«Талдау» ақпараттық-аналитикалық жүйесі](#)

[3-байланыс нысаны «Пошта мен курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп» \(айлық\)](#)

[Сапа бойынша есеп «2024 жылға Қазақстан Республикасындағы байланыс, пошта және курьерлік қызмет кәсіпорындары жұмысының негізгі көрсеткіштері»](#)

Шығаруға жауапты: Қызмет көрсету және энергетика статистикасы департаменті	Департамент директорының м.а.: Г. Айгозина Тел. +7 7172 749077	Орындаушы: С. Биназар Тел. +7 7172 749770 E-mail: s.binazar@aspire.gov.kz	Мекенжай: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс
--	---	---	---

© Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы